

15.02.2022 ж. № Q00037

МУКАШЕВА ГАЛИНА ШАРАПОВНА

*Атырау қаласы, №24 орта мектебінің
Физика пәні мұғалімі*

«Тығыздық» бөлімі бойынша жиынтық бағалау
7 сынып

Оқу мақсаттары

- 7.2.2.12 Әртүрлі пішіндегі қатты дененің немесе сұйықтың көлемін өлшеу үшін өлшеуіш цилиндрді (мензурка) қолдану
7.2.2.13 Тығыздықтың физикалық мағынасын түсіндіру
7.2.2.15 Тығыздықтың формуласын есептер шығаруда қолдану

Бағалау критерийі:

- Білім алушы
* Мензуркамен сұйықтың көлемін өлшейді
* Тығыздықтың физикалық мағынасын түсіндіреді
* Заттың тығыздығын есептеу формуласын қолданып есептер шығарады


Ойлау дағдыларының Білу және түсіну

Денгейлері Қолдану

Орындау уақыты 15 минут

Тапсырма

1. Суретке қарап, тапсырманы орындаңыз.



- a) Мензурканың бөлік құнын анықтаңыз.
b) 1-ші мензуркадағы сұйықтың көлемін анықтаңыз
c) 2-ші мензуркадағы сұйықтың көлемін анықтаңыз
d) Қатты дененің көлемін табыңыз

[4]

2. Екі стаканның біреуіне бензин, екіншісіне су құйылған. Судың тығыздығы 1000 кг/м^3 , бензиннің тығыздығы 710 кг/м^3 екенін ескере отырып анықтаңыз:



а) Сұйықтардың массасын есептеңіз.

[2]

б) Нәтижеге сүйеніп, қандай қорытынды жасайсыңдар?

[1]

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	ұпай
		Білім алушы	
Мензуркамен сұйықтың көлемін өлшейді.	1	Мензурканың бөлік құнын анықтайды	1
		1-ші мензуркадағы сұйықтың көлемін анықтайды	1
		2-ші мензуркадағы сұйықтың көлемін анықтайды	1
		Қатты дененің көлемін табады	1
Тығыздықтың физикалық мағынасын түсіндіреді.	2	Суреттегі сұйықтардың көлемін ХБЖ келтіреді	1
		Сұйықтардың массасын есептейді	1
		Нәтижеге сүйеніп тығыздығы үлкен сұйықтың массасының артық екендігін анықтайды.	1
Есептер шығаруда тығыздықтың формуласын қолданады.	3	Дененің өлшемдерін ХБЖ келтіреді	1
		Дененің көлемін есептейді	
		Дененің тығыздығын анықтайтын формуланы жазады	1
		Формуланы қолданып, дененің тығыздығын анықтайды	1
Жалпы балл			11

3. Металл кесегінің массасы 29,2 кг. Оның ұзындығы 2 м, ені 50 см қалыңдығы 4 мм.

а) Металл кесегінің көлемін есептеңіз:

[2]

б) Тығыздықтың формуласын жазыңыз _____

[1]

с) Металлдың тығыздығын есептеңіз:

[1]

15.02.2022 ж. № Q00033

АБИЛОВА ГАЛИЯ ЖОЛМЫРЗАЕВНА

Атырау қаласы, № 24 орта мектебінің физика пән мұғалімі

1-тоқсан бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

«Жылу құбылыстары», «Заттың агрегаттық күйлері»

бөлімі бойынша жиынтық бағалау

8 сынып

Оқу мақсаттары

8.3.1.1 – молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін мысалдар келтіру және тәжірибені сипаттау
8.3.2.2 – жылу берілудің түрлерін салыстыру
8.3.2.5 – жылу алмасу процесі кезінде алған немесе берген жылу мөлшерін анықтау
8.3.2.10 – балқу кезіндегі бөлінетін жылу мөлшерінің формуласын есептер шығаруға қолдану

Бағалау критерийлері

Білім алушы

- Молекулалы-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын қолданады, дәлелдейтін мысалдар келтіреді
- Жылу алмасу процесі кезінде алған / берген жылу мөлшерін анықтайды
- Жылу берілудің түрлерін салыстырады
- Балқу кезіндегі бөлінетін жылу мөлшерінің формуласын есептер шығаруға қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейлері Қолдану

Орындау уақыты 25 минут

Тапсырма

1. Суретте қандай құбылыс көрсетілген. Тұжырымдамасын жазыңыз



А) _____

В) _____

____ [2]


2. Төмендегі кестедегі формулаларды сәйкестендіріңіз

Меншікті балқу жылуы
Меншікті булану жылуы
Жылу мөлшері
Отынның меншікті жану жылуы
Меншікті жылу сыйымдылығы
Масса

$Q = cm (t_2 - t_1)$
$q = \frac{Q}{m}$
$C = \frac{Q}{m (t_2 - t_1)}$
$m = \rho v$
$r = \frac{Q}{m}$
$\lambda = \frac{Q}{m}$

[3]

3. Төменде берілген суреттер бойынша жылу берілу түрлерінің дұрыс жауабын көрсетіңіз



А



В



С

- A) _____
 B) _____
 C) _____

[3]

4. 20°C – тағы 200 г нафталинді балқу нүктесіне дейін жеткізіп, оны балқыту үшін қанша жылу мөлшері жұмсалады?

[5]

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескриптор	Ұпай
		Білім алушы	
Молекулалы-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын қолданады	1	Қандай құбылыс екенін жазады	1
		Суреттегі құбылысқа анықтама жазады	1
Формулаларды сәйкестендіре алады	2	Меншікті жылу сыйымдылығының, меншікті балқу жылуы, булану жылуы, жану жылуы, масса формулаларын сәйкестендіре біледі.	3
Жылу берілудің түрлерін ажыратады	3	Сәуле шығаруға мысал келтіреді;	1
		Конвекцияға мысал келтіреді;	1
		Жылу өткізгіштікке мысал келтіреді;	1
Жылу алмасу кезінде берген / балқытуға жұмсалатын жылу мөлшерін анықтайды	4	ХБЖ-не келтіреді;	1
		Нафталинді балқыту температурасына дейін қыздыруға кеткен жылу мөлшерін есептейді;	1
		Нафталинді балқытуға кеткен жылу мөлшерін есептейді;	1
		Жұмсалған толық энергияны есептейді;	1
Жалпы ұпай			13

11.02.2022 ж. № P00036

Экология - «Адам, қоғам, табиғат жүйесінде»

БИТУГАНОВА АЛТЫН КОЖАНТАЕВНА

Нұр-Сұлтан қаласы № 51 мектеп-гимназиясы

Биология пәні мұғалімі

Экологиялық білім беру қажеттілігі «адам-қоғам-табиғат» жүйесіндегі өзара әсерлесудің диалектикалық сипатынан туындайды. Қоғам мен табиғат арасындағы күрделі қатынаста адамды табиғатты өзгертіп әсер мен табиғат арасындағы күрделі қатынаста адамды табиғатты өзгертіп әсер етуші субъект әрі сол іс – әрекетінің жағымды және жағымсыз нәтижелері өзіне қайта айналып соғатын объект ретінде қарастыру қажет. Екі жақтылық пен қайшылықтың дүниеге ғылыми экологиялық көзқарас қалыптастырудағы маңызы зор.

Қазіргі кезде айналадағы ортаға антропогендік фактордың әсері жаратылыстану, қоғамдық-гуманитарлық және техникалық ғылымдар қалыптасқан. Бұларда адам, қоғам, табиғат туралы білім түйісіп, ұштастырып бір – бірімен тығыз байланысып жатады. Ғылыми әдебиеттерде антропогендік факторлығымы адамның іс-әрекетінің табиғатқа тигізетін салдарын жан-жақты ашып көрсету үшін қолданылады.

Антропогендік факторлардың мынадай жақтары атап өтуге болады. Жер үстінде адам саны жедел қарқынмен өсуде. Осыдан 200 мың жыл бұрын Жерде 1 млн халық тіршілік еткен туралы жорамал бар, қазір ол 5 млрд-тан артты, ал 2000 жылдарында 7 млрд-қа жету тиіс. Бұлайша өсу адамның табиғатқа әсерін еселеп арттырады. Әсіресе, ірі қалаларда айналадағы ортаның жағдайы нашарлап барады.

Өндірістің жылдам өркендеуі шикізаттарға, отынға, энергия түрлеріне қажеттілікті күшейте түседі. Қазба байлықтарды барлау, табу және игеру артуда, аса бай емес кендер іске жаратылуда.

Жердің жасыл жамылғысы күрделі өзгерістерге ұшырауда. Орасан көлемде жерді жырту табиғи су ресурстары алуан түрлі келеңсіз өзгерістерге ұшырады, соның мысалы ретінде Арал теңізін айтсақ та жеткілікті.

Адамның табиғатқа әсерін ғылым мен техника еселеп арттыруда. Ядролық жарылыс сынақтары мұның айқын дәлелі.

Бақылаусыз, бағдарлаусыз жалғаса берсе, осы іспетті өзгерістер экологиялық дағдарысқа әкеледі. Сондықтан көпшіліктің экологиялық сауатын ашып, жас өспірімге экологиялық білім беру кезек күттірмейтін әлемдік проблемаға айналып отыр.

Адам іс –әрекетінің барлық салаларын экологияландыру міндеті күн тәртібінде қойылды. Бұл, ең алдымен, ғылыми тиесілі, әр ғылымның экологиялықаспекті айқындалып, ғылымынң бірігіп және жіктеліп дамуы да осы міндет тұрғысынан қарастырылуда. Географиялықэкология, химиялықэкология, радиациялық экология, өндірістік экология және т.б. салалары жеке ғылым ретінде қалыптаса бастады. Әлеуметтік, алпы және осындай біріккен ғылымдар зерттеулерінің нәтижелері экологиялық білім беруге пайдалануы тиіс. Экологиялық білім мен тәрбие мына бөліктерден құралады.

а)адам мен табиғаттың бір – біріне әсері жөніндегі білім;
ә)жас өспірімде экологиялық құндылықтар жөнінде білім қалыптастыру;
в)табиғатты білу мен қорғаудың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

Экологиялық білім мазмұнының құрам бөліктері бір пәннің, тіпті бір мектептің деңгейінде қалыптасуы мүмкін емес. Қазіргі кезде педагогикалық әдістемелік әдебиеттерде және мектеп тәжіребесінде экологиялық білімберудің мыңадай ұстанымдарды айқындадым.

Экологиялық білімді пәнаралық байланысты жүзеге асырып отырып беру. Мұның әдістемелік негізі «адам-қоғам-табиғат» жүйесінің бірлігінде, жаратылыстану, қоғамдық және техникалық ғылымдардың бір-бірімен байланыстылығында жатыр. Экологиялық білім беруде осы ғылымдардың бәрінің қолы жеткен жетістіктері іске жаратылады. Бұған қарағанда пәнаралық байланысты жүзеге асыратын экологиялық көзқарас мектепте оқылатын барлық пәндердің басын біріктіретін жетекші идеяның болмағаны белгілі. Ендігі жерде жеке пәндерді экологияландыра оқыту мен тәрбие беру үдерістерінің бірлігін қамтамасыз ету керек. Сонда біздің келешек ұрпағымыз табиғатты аялап, қамқоршы болып өседі.

11.02.2022 ж. № P00037

Текемет басудың шығу тарихы

РЫСМУРАТОВА БЕЙБИТКУЛ ЕРГЕШБАЕВНА

Павлодар облысы Железин ауданы «Жаңа жұлдыз ауылының жалпы орта білім беру мектебі» КММ. Көркем еңбек пәнінің мұғалімі

1. Текемет, киіз басуға арналған жүнді алғашқы өндеу технологиясы.

Текемет қай заманда да тұтынушылардың қажеттіліктерін өтеп келгендігі даусыз. Дегенмен, қоғам дамуы мен тұрмыс мәдениетінің өсіп-өркендеуіне қарай бұл бұйымдардың осы күйінде кейде тазалыққа, тұтынуға тиімсіздігі байқала бастаған. Осыған орай адамдардың тұрмыс деңгейінің, талап-талғамының өсуінің әсерінен қолдануға ыңғайлы, жеңіл әрі көркем, көлемі шағын төсеніштер пайда болды.. Айталық, көнерген киіздерді қабаттап төсеу, одан соң оны қобырай бермеу үшін қабаттап көктеу. Осындай жағдайдан бара-бара қабаттауды белгілі бір пішінге келтіріп, ықшамдап төсеніп, көктеуді де бірте-бірте жиі тігістерге ауыстырып, одан әрі сыруға көшкен деп санауға болатын сияқты. Алғашқы сырмақ пішіні осылай қалыптасқан. Бұдан әрі басылған кесек киіздерден қалаған мөлшерде кесіп алып, оны қабаттап сырып, шағын төсеніштер жасала бастаған. Зерттеушілердің айтуынша, мұндай сырмақтар алғашында, әрине, орта салынбай жасалды. Бүтін күйінде ығына қарай сырылуы, сондай-ақ сол кездегі таңба – белгілер, нанымдар бойынша оюлар түсірілді. Мәселен, ашамай +, х белгі, күн бейнесі, т.б. айналдыра сыру тәсілі қолданылды. Бірте-бірте қабатталған киіздердің жиектерін жөрмеу, төрт шетін бойлап, қабаттарын бекіте түсіп, сырудан түскен сызықтарға сәйкес сыру түсіру арқылы сырмақ ортасынан төртбұрыш шығарылған. Қазақ қол өнерінің көркемдік ерекшелігінің негізі болып киіз басу өнері саналады.

Киізден тұрмысқа қажетті әртүрлі бұйымдар жасаумен қатар оған оюлап, өрнек салудың табиғи ыңғайлылығын пайдалана отырып, сәндік қасиетін көне заманнан бері кеңінен қолданғанын Пазырық (б.д.д.V ғ.) қорғанынан табылған дүниелер айғақтайды.

Археологиялық материалдарға сүйене отырып, адамзат тарихында Пазырыққа дейінгі аралықта киіз басу өнерінің кәсіби қалыптасып, дамығанына көз жеткіземіз, оларды көркемдік шешімі жоғары өнер туындысы ретінде қабылдаймыз.

Жүннен әртүрлі киіз басып, киіз үйге туырлық, үзік, тұңлік, дөдеге және тұрмысқа қажетті еденге төсейтін текемет, сырмақтар, тұсқа ілінетін тұскиіздер мен қап түрлерін жасаған.

Киізден жасаған бұйымдар қазіргі заманда халықтың генетикалық мәдени қарым-қатынасындағы байланысты көрсететін дерек ретінде қабылданады. Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайы қорында сақтаулы 267 киізден жасалынған бұйымдар – қайталанбас өнер туындысы ғана емес, әлі сыры ашылмаған, толығынан зерттелмеген асыл мұра.

Киізден жасаған бұйымдар 1970-1980 жылдары жан-жақты жүргізілген экспедициялық жұмыстар кезінде молынан толықтырылды.

Әрине, киізден жасалған бұйымдардың ішінде өзінің қанық, ашық түсімен оюлы текеметтер ерекше көз тартады. Мұражай қорындағы текеметтер топтамасы қазақ халқының ертеден келе жатқан киіз басу тәсілінің бар сырын кеңінен меңгеріп, текемет басудағы көркемдік қасиетін толығынан аша білгенін дәлелдейді.

Жалпы алғанда киіз басу барлық жерде бір тәсілмен орындалады. Киіз басуға арналған ши бетіне бірыңғай түсті жүн қалың етіп тартылып, басқа түске боялған жүннен ою түседі. Сонан соң бетіне ыстық су себіліп, шиге еппен оралады да, әрі-бері домалатып теуіп, нығыздалады. Бұдан әрі киіз әбден «піскенше» бірнеше тәсіл қолданылып, толық біткен кезде текеметті жарқыратып күнге жайып қояды. Киіз бетіне ою жүргізетін шебер ел арасында аса құрметке ие. Текеметті бір күн ішінде басып бітеді. Текемет басу барысында ауыл әйелдерінің басы қосылып, әңгіме-дүкен құрады, сөз алмасып, қазан көтереді, көңіл шалқып, соңы той-думанға айналады. Көне заманнан келе жатқан әр ұлттың өз ғұрпына мән-мағына беріп, өмірдің әр күніне сән бере білген заңдылығы осы жерде айқын көрініс береді. Киіз басу тәсілі бір болғанымен текемет бетіне ою салу әр жерде әртүрлі болады да, жергілікті көркемдік ерекшеліктері анық көрініп тұрады.

Басқаға ұқсамайтын ою салу тәсілімен Шығыс Қазақстан текеметтері бірден көзге түседі. Шығыс Қазақстан жерінде тәжірибелі шебердің қолынан шыққан текемет бетіне ою бірыңғай жүйелі түрде жіңішке сужиекпен шілтерленіп түсіп, өз шешімін табады.

Сондай жұмыстардың бірі – Семей облысындағы Сәулебекова Қарлығаның туындысы (35-кз). Жалпы оюдың сары түсі текемет бетінің қоңырқай түсімен өте жылы үндестік тауып, үйлесіп жатса, қызыл түсті шаршының жіңішке жолақтары көтеріңкі көңіл лебін сезіндіреді. Жиекке түскен иелерінің аты-жөні жазылған жазулар ою-өрнекпен астасып, бір ырғаққа түседі.

Ал, Әбділдинова Бипан керісінше, өз текеметінде бояуы өте қанық, ашық түстерді пайдалану арқылы көркемдік құрылымын күрделендіре түскен Киіз басу кезінде орнынан жылжып сәл қисық кеткен ою жолдары текеметтің әдемілігін арттырып, бар ою сызықтарын қимыл-қозғалысқа келтіріп жандандырып жібереді.

2.Ши тарту . Қазіргі замандағы витраж жасау тәсіліне ұқсас құрылымдағы Есергенова Қалиманың текеметі – жеке-дара туынды (9-кз). Қанық түстерден құрылған ашық реңдер әуені күнделікті өмірдің өтіп жатқан сұрғылт күндерінде адамды өзіне еріксіз көз тартқызып, көңілін сергітетін қуат күйғандай болады.

Музей қорында көркемдік дәрежесі биік туындылармен қатар, құрылымы бірсыдырғы болып келетін экспонаттарға назар аударсаңыз, олардың әрқайсысынан автордың өзіндік шығармашылық серпілісін байқайсыз. Шебер жұмыс барысындағы киіз басу тәсілі мен табиғи жүннің өзара қарым-қатынасындағы сәндік мүмкіндіктерінің ашылуына еркін жол береді. Текемет бірсыдырғы болып көрінгенімен, табиғилылық пен қарапайымдылықтың үндескен тылсым тынысын сезінгендей боласыз.

Осындай көркем туындылар арасынан өзіндік түр-тұлғасы дараланған Батыс Қазақстанның текеметтерін ерекше атап айтуға болады. Сол текеметтер ішінде көркемдік құрылымы мен түстік үйлесімі өзгеше ақ текеметтер ерекше орын алады

Тұтас бір жүйеде жиналған музей қорындағы әрбір экспонат жергілікті жердің көрнектілік ерекшелігін көрсететін және жеке автордың қолтаңбасы айқын танылатын өнері туындысы ретінде танылады.

Ою-өрнектерінің іріленіп, біртұтастығымен көрінетін Талдықорған облысындағы Дүйсенова Нұрыштың өз уақытының сұранысына сәйкес келетін авторлық шығармашылығы ерекше көзге түседі . 1960-1970-ші жылдары кілем, текемет сияқты тұрмысқа қажетті бұйымдар жасауда қанық ашық қызыл түсті реңдердің көркемдік үйлесімін пайдалану кеңінен өріс алды. Бұл бағыт Дүйсенованың текеметтерінде белең алған.

Солтүстік Қазақстан облысында техникалық тәсілдердің қолданылуына байланысты қол өнердің кәсіби деңгейі мен көркемдік шешімі ерекше болып келеді. Ши үстіне тартылған жүн бетіне жұқалап басылған талдырма төсеп, оның үстіне боялған жүннен ширатып, тартып ою салады да, ыстық су бүркіп, әрі қарай текемет толығынан басылып шығады. Осындай тәсілмен басылған текеметтің бірі – Қостанай облысының шебері Құдабаева Рыстайдың текеметі. Текемет оюының сәндік құрылымын келтіруде шебер ашық кеңістікке жол береді. Текемет бетіндегі оюлары – құрамы жылы болып келген қызыл түстің үстінде қалқып тұрғандай әсер етеді. Текемет бетіндегі негізгі ою таза күйінде қалады.

Музей қорында Оңтүстік Қазақстанның текеметтері ою-өрнектерінің ірілігімен, бояуларының ашықтығымен ерекшеленеді. Оңтүстік өңірдің Қ. Стыбаева, Б. Романова, М. Ахметова, К. Керімбекова, Т. Сәрсенова сияқты атақты тағы да басқа шеберлерінің өнер туындылары сақталулы тұр. Бұл шығармашылық деңгейі жоғары, реңдік үйлесімінде әлемдік танымда жер бетінің қуат көзі болып танылатын күн мен оттың сипатын беретін қызыл және сары түс үстемдік алады.

Экспозицияның сәнін келтіріп тұрған Романова Бибайшаның текеметі – алтын қордағы баға жетпес туындылардың қатарында (114-кз). Шебер текеметтің өрнектік шешімін мүйіздерін орталық бөлікке қарай бір бағытта бұрған өте ірі көлемдегі төрткұлақ өрнегі арқылы тауып, оюлардың текемет бетіндегі қозғалыс жүйесін үдете түскен. Романованың халық қол өнерінде киізден басқа да тамаша туындылары музей қорында тұр. Олар: текеметтер мен кілемдер, алашалар мен тұрмысқа қажетті әртүрлі бұйымдар.

Бір сиқырлы дүние, құпия сырымен өзіне көңіл аударатын Молдабаева Несібелінің қара текеметі үлкен зерттеуді қажет етсе Іляев Ғанидың текеметінің ою құрылымы мен көркемдік танымының мән-мағынасы заттың тұрмыстық қажеттілігінен жоғарытұрғандығынайқындайды. Бүкіл текемет бетіне жайыла тармақталып салынған ою – жан-жағындағы кеңістікті жандандырып, жанға жайлы тиіп, тағылымдық күш береді.

Музей қорында сақталған киізден жасалған бұйымдар ішінде тек қана көркемдік деңгейімен ғана бағаланбай, өзінің ғылыми маңызымен еркшеленетін сырмақтар жүзден асады.

Халық шеберлері киіздің сәндік қасиетін ұтымды пайдаланып, күнделікті өмірде тұрмысқа қажетті, көшіп-қонуға ыңғайлы әртүрлі қаптар жасаған. Олар аяққаптар, кесеқаптар, төсекқаптар сияқты бұйымдар қажеттіліктен басқа киіз үйдің ішінің сынына әр беріп, көркемдігін айқындап тұратын болған. Пайымдау мағынасы жоғары, өрнектеу құрылымы күрделі аяққап –Есілбаева Күлзаданың шығармашылығындағы шеберліктің шарықтау шыңы болып табылатыны сөзсіз. Қоңырқай киіз бетіне мысыр аңыздарында жиі кездесетін қоңызға өте ұқсас ірі ою түскен. Осы оюды жиектей қаз-қатар жүргізген бірнеше нәзік өрнек жолдары затқа ерекше әсем сипат беріп тұрса, аяққаптың шетіне тігілген шілтерлі шашақтары заттың көркемдік құнын арттыра түседі. Бұл экспонат –өте сирек кездесетін, теңдесі жоқ, құнды туындылар қатарындағы дүние.Каталогта ұсынылып отырған қазақ халқының баға жетпес асыл қазынасы болып саналатын қазақ қол өнері ішіндегі киізден жасалған бұйымдар әлемдік мәдени мұра қатарынан орын алады.

12.02.2022 ж. № P00040

ӘЛ- ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

ОМАРОВА МАДИНА АПБАСОВНА

*Шымкент қаласы. С.Көбеев атындағы № 56 жалпы
орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі*

Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді.

Қазақ топырағынан көкірегі ояу, көзі ашық ойшыл азаматтарымыз бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге танылғандары да аз емес. Солардың бірі — бәрімізге танымал ұлы жерлесіміз Әбу Насыр Әл Фараби дүниенің білім және ой тарихынан құрметпен орын алған ұлы түрік ғалымы, ойшылы. Физика, химия, медицина, математика ғылымдарында және философияда жеткен нәтижелерімен Еуропа мәдениетінде үлес қосқан, кітаптары XVIII ғасырдың соңына дейін Еуропа университеттерінде оқылған түрік дарыны.

Түркістан топырағы - Фараб аймағынан шыққан ірі ойшыл, философ ғалым. Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң әл Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз әсерін қалдырды. Бағдатта әл-Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды. Білімге деген құштарлығының арқасында әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Сол қалаларда оқыды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады.

Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берген білім- адамзаттың қас жауы, ал келешекте оның өміріне қауіп әкеледі. Әбу Насыр Әл-Фарабидің адамзаттың қалыптасуы, жеке тұлғаның дамуындағы тәрбиенің алатын орны мен атқаратын ролі туралы пікірлері, оқыту, білім беру мәселелері мен нағыз ұстаз жөніндегі көзқарастары қарастырылған.

Түйінді сөздер: тәрбие, еңбек, білім, ұстаз, шәкірт. Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді», - дей отыра, тарихи сананы жаңғырту үшін, ең алдымен, ұлт қаһармандарын үлгі тұтуға, олардың өнегелі өмірі мен артына қалдырған құнды еңбектерін елге, әсіресе жас ұрпаққа кеңінен насихаттауды тапсырған болатын.

Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілік пен ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Оларды данышпан-ойшылдардың еңбектерінен ғана кездестіруге болады. Сондай құнды мұралардың иесі, қазақ топырағынан шыққан, жанжақты және ғұлама ғалым – Әл-Фараби. Ол сонау ерте орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақылпарасаттың жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап көрсеткен болатын.

Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ, ол парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Ол бірнеше ғылым салаларын қамтитын 150-ге тарта трактаттар жазған. «Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселені, яғни, бала тәрбиесінің өте күрделі процесс екендігін айқын ұғынуға болады. Тәрбиені қажет ету мәселесінің адамзат қоғамымен бірге келе жатырғаны да талас тудырмайды. Өйткені өскелең ұрпақ ғасырлар бойында қалыптасып, жүйеленген тәлім-тәрбиені, тиісті тәсілдерді санасына біртіндеп сіңіріп, оны дағдыға айналдырып отырады.

Тәрбие мәселесі әрбір кезеңде озық ойлы ойшылдар мен тәлімгерлердің еңбектері мен пайымдық ой-пікірлерінен де көрініс тауып отырған. Солардың қатарынан, өз заманында «Екінші Аристотель» атанған Әбу Насыр Әл-Фараби де тыс қалмайды. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деген ӘлФарабидің атақты қағидасына сүйене отыра, алдымен, ұлы ойшылдың тәрбие жөніндегі ілімдеріне тоқталуды жөн көрдім. Әл-Фараби шығармашылығында көрнекті орын алатын мәселенің бірі – тәрбие мәселесі. Тіпті, оқып-білім алу, ғалым адам болу мәселесін тәрбиемен тығыз байланыстырады.

Мәселен, «Философияны үйрену үшін алдын-ала нені білу қажет» деген еңбегінде ол: «ғылым үйренуге кіріспекші кісі ... тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, қулық-сұмдықтан және басқа ағат мінез-құлықтан аулақ болуы қажет», - деп түйіндейді Әл-Фарабидің гуманитарлық көзқарастары мен пайымдаулары «Бақытқа жету жайында» атты философиялық еңбегіндегі түсіндірулермен көрінген. Тәрбиеге анықтама бере келіп, ол: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз... тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жантәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді», - деп жазды.

Тәрбие мәселесін Әл-Фараби осындай кең мағынада түсіне отырып, тәрбиенің жалпы халықтар мен қала тұрғындарының өмірінде алатын, атқаратын орнын жоғары бағалайды. Дұрыс тәрбие берілмеген халықтар мен қала тұрғындары «надан» халықтар немесе қала тұрғындары (қоғам өкілдері дегені) деп аталып, ондай қалалардың түрлері, адамдарында кездесетін нашар мінезқұлық, іс-әрекеттер сипатталады Әл-Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады. Ол ғылымды тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы формасы деген анықтама берген.

Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. «Еңбектің өзі – өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады», - деген болатын Фараби. Ол еңбек өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік, табиғи шарты деп қарастырды Фарабидің пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты.

Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғы шарты етіп алды. Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда ол Аристотель негізін салған теорияның анықтамасына сүйенеді.

Демек, ол қандайда болсын құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, идеяның, белгілі бір саласының мәнді байланыстары мен заңдылықтары жөнінде толық түсінік беретін ғылыми білімді қорытудың ең жоғарғы формасы деген қағиданы ұдайы басшылыққа алған Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын «Өзінің ішкі құрылымы жағынан бір-бірімен логикалы байланыста болатын біртұтас білім жүйесін құрайды», - деп тұжырымдайды. Жақсы мінез - құлық пен ақыл-күші болып, екеуі біріккенде - бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады, қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдылығында және жетілгенділігінде деген мағынада айтамыз. Егер осы екеуі (жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші) бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттеріміздің абзалдылықпен жетілгендігін табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі, игілікті және қайырымды адам боламыз.

Біз ержүректілік жақсы адамшылық қасиет дейміз және бұған қатерлі істердің тұсында көрінетін біршама батылдық жасау арқылы немесе ұстамдылық көрсету арқылы жетуге болады дейміз. Бұл істерде болатын шектен тыс батылдық көзсіз батырлыққа соқтырады, ал батылдықтың жетіспеуі қорқақтыққа соқтырады, ал бұл - жаман адамгершілік сапа. Міне, осы адамгершілік сапалар қалыптасқан кезде, олардан осыларға сәйкес әрекеттер туады.

Досгерлік - адамшылықтағы жақсы қасиет, бұл өзі адамның басқа адамдармен тиісті шамада қарым - қатынас жасауынан тұрады, осының арқасында ол өзінің жүріс - тұрысынан, сол адамдармен әңгімесінен жақсы ләззат алады. Бұл жөнінде артық кету — жарамсақтыққа соғады, ал достыққа кемтар болу – тәкаппарлыққа итереді. «Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселені, яғни, бала тәрбиесінің өте күрделі процесс екендігін айқын ұғынуға болады. Тәрбиені қажет ету мәселесінің адамзат қоғамымен бірге келе жатырғаны да талас тудырмайды.

Адамдардың, әсіресе, жастарды тәрбиелеу жүйесінде Фараби бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алып қарасақ ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық т.б. тәрбиелер түрлерін енгізіп қараған сияқты. Ұлы ғұлама өз еңбектерінің көпшілігін ұстаздық тұрғыдан, тәлім-тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. Әл-Фарабидің жоғарыда атап өткен арифметика, геометрия, астрономия, музыка ғылымдарын педагогикалық, яғни тәрбиелік ғылымдар дейтін жүйеге жатқызуы да, сондай-ақ педагогика, әдістеме мәселелері жөнінде арнаулы еңбектер жазуы да осы айтылғандардың айқын дәлелі болып табылады.

Сонымен, дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ойшылдың еңбектері күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ, мұраларының насихатталуы, зерттелуі және оның мемлекет басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтікэтикалық, саяси, философиялық, діни 37 көзқарастары қазіргі жаһандану аясындағы қоғамымыз үшін өте маңызды да ұшан-теңіз, мол дүние. Бүгінгі таңдағы Мәңгілік ел ұлттық идеялар түріндегі саяси бастамалар сөзсіз ұлы ойшылдың идеяларымен ұштасатыны анық. Мәңгілік ел ұлттық идеясы барлық қазақстандықтарға, барлық халыққа жолдау болып табылады. Қазіргі таңдағы жаһандану кезеңіндегі халықтар мен мәдениеттердің өзара бірлігі мен тұтастығына негізделген әл-Фараби идеяларының жүйесін толықтай зерттеу арқылы сол кезеңдегі қазақ даласындағы өркениетті насихаттау мен болашақ жас ұрпақтың жадында мәңгі сақтау болып табылады.

12.02.2022 ж. № P00041

Табиғат тағдыры - адам тағдыры

МАНАНБАЕВА БАҒИЛА АБАЙҚЫЗЫ

*Нұр - Сұлтан қаласы Мұстафа Шоқай атындағы
№ 51 мектеп- гимназиясының биология пәні мұғалімі*

Қазақстан табиғатының өлшеусіз байлығын игере отырып, бізді қоршаған ортаның бүтіндігін сақтау да республикамыздағы ең күрделі мәселелердің бірі. Біздің республикамыздың экологиялық жағдайы айтарлықтай емес, көптеген қалаларда атмосфералық ауа зиянды заттармен мөлшерден артық ластанған.

Экология қазіргі дәуірде адамзатты толғандырып отырған маңызды проблемаға айналды. Табиғатты, қоршаған ортаны жою арқылы бүкіл қоғамды, тіршілікті жойып жіберуге болатынын көптеген елдер түсіне бастады. Біздің өмір сүріп отырған дәуірімізде техникалық құралдармен қаруланған кейбір елдер мен адамзат баласының жер планетасын аз уақыттың ішінде құртып жіберуі онша қиындыққа түспейді. Сондықтан бүкіл әлем халқының ортақ үйі жер планетасын – адамзат баласы біріге отырып экологиялық апатқа қарсы тұрып, жер анамызды сақтап қалу бүгінгі таңдағы ең маңызды мәселе.

Табиғат арқылы адам бойына сұлулық пен әсемдік дамыту идеясы қазақ ағартушылары мен жазушыларының, ақындарының еңбектері мен өлеңдерінде толық көрсетілген. Мысалы Абай мен Шоқанның, Жамбыл мен Ыбырайдың, Мағжан мен Сәкеннің, Ілияс пен Қасымның, Кәкімбектің өлең-жырларынан көркем жазылған табиғат суреттерімен танысып жан рухына бөленуге болады.

Қазақ халқының табиғатты, қоршаған ортаны, жан-жануарлар мен құстарды аялағаны соншалықты, тіпті сонау ашаршылық жылдарының өзінде үйдің іргесіндегі аққан судың балығына да, ұшқан құсына да, жүгірген аңына да ешбір зиянын келтірмеген. Көшпенді халық жиі-жиі, жаз бойы қоныстарын ауыстырып, сол қоныстанған жердің топырағы тозбасын, өсімдігі өлмесін, шабындығы жапырылмасын деген оймен әрбір билер халықты жаңа қоныстарға алдын ала бағыт беріп отырған.

Қазақстан топырағы киелі, жер бетінің шөбін тарсаң, шырыны шығатын көк майса, жасыл кілем еді. Кеңбайтақ еліміздің барлық территориясында небары 30% ғана шөлді-шөлейт аймақ болған, ал қазір ХХІ ғасырдың басында шөлді аймақ 66%-ға жетіп отыр. Ол дегеніміз халқымыздың көпшілігі табиғатты күтуге, оның табиғи байлықтарын тиімді пайдалануға әлі де болса үйренбей жатқандығы.

Кен орындары, жер асты байлықтарды алғаннан кейін қалпына келтіріліп, көгалдандырылмады, қопарылған жердің топырағы жел болса сол маңайдың барлығын шаңға айналдырып басып жатады. әрбір өскен ағаш бүгінгі таңда алтыннан да ардақты, оны қалада да, далада да кесіп жатырмыз, ағаш шабылған жер тазаланбайды. Табиғат аясына – Қарқаралы, Баянауыл, Бурабай, Каспий тәрізді немесе өзен, көл маңына демалуға шыққан топ барлық қоқыс заттарды шашқан бойы қалдырып, тіпті жаққан отты сөндірмейді.

Біздің республикамыздың экологиялық жағдайы, айтарлықтай емес. Көптеген қалаларда атмосфералық ауа зиянды заттармен мөлшерден артық ластанған. Әсіресе ластанғандарға Алматы, Тараз, Өскемен, Зырян, Риддер, Теміртау, Шымкент қалалары жатады.

Семей өңірінің топырағының радиоактивті заттармен ластануы адам денсаулығына әлі де болса әсерін тигізіп келеді. Каспий, Арал бассейндеріндегі экологиялық жағдай мақтанарлықтай емес. Орал және Іле, Сырдария және Нұра өзендері өнеркәсіп қалдықтарымен ластанып келеді. Ауыз су, тыныс алатын атмосфералық ауа, қажетті азық-түліктің неше түрлі улы қосылыстарымен ластануы адамдардың иммуналдық-гендік жүйесін бұзатыны белгілі.

Бұл өзгерістер адамзат баласына және биосферада тіршілік ететін барлық тірі ағзаларға мутагендік өзгерістер туғызады. Биологиялық және экологиялық өзгерістер жер бетінде бола берсе, биосфераның табиғи теңдігі бұзылып, жер бетіндегі барлық жан-жануарлар жойылып бітуі мүмкін. Табиғит заңдылығы өте қатал заң.

Қоршаған ортаның бүтіндігін сақтау үшін адамның, менталитетін, оның моральдық, этикалық дағдыларын өзгерту керек, табиғат пен адамның арасына жаңа көзқарас қалыптастыру қажет. Әрбір қоғам мүшесі табиғат құбылыстары заңдылықтармен таныс болуы керек.

Экологиялық сауатсыздықты жою – үкіметіміздің халық арасында жүргізетін маңызды мәселелеріне айналуы тиіс. Табиғат пен қоршаған ортаны қорғаудың жолдарын ұғындыру жалпы халықтың экологиялық сауатын ашу, жастарға үздіксіз білім беру нәтижесінде ғана шешіледі.

Үздіксіз экологиялық білім берудің ғылыми негіздері қазақ халқының табиғатпен қарым-қатынас үстінде туған тарихи көзқарасы мен салт-дәстүрінен бастау алады.

12.02.2022 ж. № P00042

Учитель будущего

УРАЗАЕВА РИТА СЕЙЛХАНОВНА

Атырауская область, Индерборский район,

средняя школа им. Мухтара Ауэзова.

Учитель начальных классов

Я думаю, что учитель будущего должен иметь способность к непрерывной адаптации к новым технологиям, к постоянно меняющемуся технологическому ландшафту. Во-первых, это открывает простор для творчества и самосовершенствования самого педагога. Учителя становятся производителями образовательного контента на канале YouTube, расширяют свои знания с помощью онлайн курсов, создают онлайн сообщества для обсуждения проблем и взаимопомощи.

Во-вторых, использование новых технологий не дает скучать на уроке детям интернет-поколения. Педагоги используют поисковые системы для обогащения содержания своих уроков. Такие приложения как Kahoot и Padlet повышают вовлеченность учащихся в ход урока и воспитывают у них интерес к предмету.

И наконец, новые технологии сделали обучение более эффективным.

Когда в середине 1990-х я начинала карьеру учителя, единственная технология, которая была у меня в классе, это кассетный магнитофон.

Сейчас в моем распоряжении доска-компьютер с сенсорным экраном и интернет доступом к огромному множеству ресурсов со всего света. С помощью приложений на моем смартфоне я могу провести тестирование всего класса за 15 минут и компьютер выдаст мне результат и подробный анализ по каждому ученику сразу по окончании опроса.

Технологии будут продолжать меняться и способность учителя к адаптации должна быть постоянной. Я убеждена, что учитель будущего должен стать наставником. Еще несколько лет назад учитель занимал место авторитетной власти в классе. Он был единственным носителем знаний. В наши дни обучение становится более гибким и более личным. Учитель перестает быть «ходячим учебником», поскольку всю информацию можно найти в интернете.

Учитель будущего должен стать личным наставником для ученика, направлять его через процесс открытия нового материала, давать конструктивную обратную связь, направлять открытую ими информацию в практическое русло и, в конечном итоге, привести ученика к раскрытию его собственного потенциала.

Сейчас наши ученики используют интернет, чтобы найти информацию для своих исследований. Возможно в будущем они перестанут использовать даже книги в цифровом формате. Ученики будущего будут переключаться с текстового формата на видео, чтобы расширить свои знания. Они зададут вопросы искусственному интеллекту и получат ответ в мультимедийном формате.

И в этом контексте учителя, став наставниками, должны будут сделать шаг к программированию искусственного интеллекта.

Я считаю, что учителю будущего нужно быть специалистом по общению и выстраиванию отношений. Вы заметили, что тихие перемены в школе становятся обычным явлением? Вот четвероклашки сбились в маленькие группки и играют в какую-то сетевую игру на смартфонах.

А здесь старшеклассники сидят по одиночке, проверяют сообщения или прокручивают ленту Twitter. Мы учим интернет-поколение iGen (internet generation). Поколение, родившееся в 2000-х — первое в истории человечества, не знавшее жизни без интернета. Они растут со смартфоном в руках, гуглят все непонятное и не представляют своей жизни без лайков. Жизнь, наполненная экранами ведет их к атрофии социальных навыков и потере способности понимать эмоции других людей. Мы вступаем в контакт с детьми, которые приходят в класс, лишённые прочных отношений в личной жизни.

У них более сотни случайных знакомых в социальных сетях и ни одного друга в классе. Учитель будущего должен специализироваться не только на своем предмете, но и на создании атмосферы доверительного климата в классе, на создании связей, возникающих при личном контакте и оттачивающие навыки межличностных взаимоотношений, которые пригодятся ученикам в самореализации и в выстраивании карьеры.

Мир развивается невероятно быстро. Роль учителя сегодня меняется так же как меняются новые технологии.

Учителя будущего — это сегодняшние многогранные учителя, которые не боятся бросить вызов самим себе и своим ученикам для решения задач завтрашнего дня, которые стремятся преобразовать среду обучения для того, чтобы действительно заинтересовать и вдохновить следующие поколения учеников, готовых усовершенствовать и менять этот мир к лучшему.

15.02.2022 ж. № P00075

Түрлі түсті дөңгелектер

АЙЫМБАЕВА ГУЛЬЖАЗИРА МАРАТОВНА

*Түркістан қаласы «№ 31 бастауыш мектеп балабақша» КММ
Тәрбиеші*

Білім саласы : Таным.

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі : Сенсорика.

Тақырыбы : Түрлі түсті дөңгелектер.

Мақсаты: Балаларға негізгі үш түсті түстерді топтастыруға
үйрету: қызыл, сары, көк. Пирамиданы
жинауды ұсақ қол моторикасын дамыту.

Қолданылатын көрнекіліктер мен құрал жабдықтар:

Доптар, қағаз түстері, пирамида.

Сөздік жұмыс: қызыл, сары, көк.

Мотивациялық Қозғаушы

Шаттық шеңбері

Сәлеметсіңдер ме? Көздерім ояндыңдар ма? Алақанмен көздерін сипалайды,

Сәлеметсіңдер ме? Құлақтарым ояндыңдар ма? Құлақтарын сипалайды,

Сәлеметсіңдер ме? Қолдарым ояндыңдар ма? Қолдарын шапалақтайды

Сәлеметсіңдер ме? Аяқтарым ояндыңдар ма? Аяқтарын тырсылдатады.

Кәне балалар орындарыңа отыра қойыңдар. Бүгінгі ұйымдастырылған оқу
қызметі

сенсорика. Негізгі үш түспен танысамыз : қызыл, сары, көк.

Олай болса балалар. Қазір біз түрлі түстер әлеміне саяхат жасаймыз. Түстер
әлеміне бару үшін аялдамалар бар екен, сол аялдамаларға бар үшін автобус пен
бару керек. Автобуска отырып жолға шығайық.

Балалар 1-аялдамаға келдік. Балалар бірінші аялдамада бізге доптарды себетке
жинау беріліпті.

Доптарды түстеріне қарай себетке жинау.

Балалар жинаған доптарының түстерін, көлемін айту.

Кәне, балалар екінші аялдамаға бару үшін автобуска отырайық.

2-аялдама: Үйшік. Геометриялық пішіндерді пайдаланып үйшік құрастыру.

Үйдің шатыры мен терезелерін орналастырамыз. Балалар берілген тапсырманы
орындайды.

Үйдің шатыры қандай пішін?

Түсі қандай?

Көлемі қандай?

Терезелерінің пішіні қандай?

Түсі қандай?

Көлемі қандай?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Шатыры мен терезелерін өз –өз орнындарына қоямыз .

Sergitu sәti

Орнымыздан тұрайық,

Алға қадам басайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Бойымызды жазайық.

3-аялдама: Пирамида

Пирамиданы жинамас бұрын олардың түстерін, көлемін түсіндіріп, түстерін ең үлкеінен кішісіне қарай жинаймыз . Көк , қызыл , сары.

Жарайсыңдар балалар , біздің топқа кететін уақытымыз болды .

Автобуска отырып топқа оралайық. Топқа оралу.

Балалар бүгін түрлі түстер әлеміне саяхатқа бардық .

Қандай түстер мен таныстық?

Қандай пішіндер мен танысып білдіңдер?

Жарайсыңдар балалар .

Рахмет саған , көздерім көргендерің үшін

Рахмет саған , құлақтарым естігендерің үшін.

Рахмет саған , қолдарым ұстағандарың үшін

Рахмет саған , аяқтарым жүргендерің үшін .

Жарайсыңдар балалар бүгінгі оқу қызметінде барлығың жақсы көзге түсіп , мұқият тыңдап , сұрақтарға жауап бердіңдер , жақсы қатыстыңдар .

Олай болса сау болыңдар

15.02.2022 ж. № Q00012

ҚОЛДЫҢ ҰСАҚ МОТОРИКАСЫН ДАМУЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ЖЕТІЛДІРУ

КЕНЕЛДИКОВА АЙЖАМАЛ СЕРГЕЙҚЫЗЫ

*Атырау қаласы № 20 "Алтын балық" сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары
бар балаларға арналған арнайы балабақша" КМҚК. Тәрбиеші*

Соңғы жылдары біздің әлемде балалардың тіл дамуы төмендеді. Қазіргі кезде сөздік қор актуалдық проблема. Зерттеулердің нәтижесінде балалардың тіл дамуы саусақтың қозғалуына байланысты деген тұжырым жасалды. Сонымен қатар саусақтың қозғалуы, баланың жасына сай болуы керек. Ғылыми тұрғыда, балалардың тілінің дамуы жіңішке қол арқылы дамиды. Жалпы моториканың және саусақтың қозғалуының жетіспеуі тілдің функциясына байланысты. Жазуға бейімделмеген, жалпы моториканың және саусақтың қозғалуы жетіспеуі мектептің төменгі сыныптарынан бастап, оқуға деген негативтік әсерін тигізуі мүмкін. Қолдың ұсақ моторикасы баланың дамуына, оқуына өте маңызды. Мектепке дейінгі ұйымда жазу емес, жазуға дайындықтың маңызы зор.

Қол моторикасын арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар бала тілінің дамуына әсерін тигізеді. Бала саусақтарымен әртүрлі жаттығулар орындап, үлкен жетістіктерге жетеді және баланы сурет салуға үйретеді, әрі жазуға үйретеді. Егер баланың саусақтары, шапшаң жұмыс жасап иілгіш болса жазуы да әдемі болады. Ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек. Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйымдастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар, өзіне-өзі қызметін қалыптастыру: тиегін өзі ағытып, өзі салу, бауын байлау т.б. Ал ересек топтағы балалар үшін ұсақ моториканы дамыту және қолдың икемділігін арттыруға арналған жаттығулар мектепке дайындықтың яғни, жазу, сызуға үйретудің маңыздысы болып саналады. Тіпті баланың сөйлеу тілі қалыпты болған жағдайда бұл қолын басқаруы қалыпты деген сөз емес. Егер 4-5 жастағы балада бау байлау қиындық келтірсе, ал, ермексаздан тек шар мен ұзынша жасай алса – ол сіздің балаңыздың кінәсі емес.

Өкінішке орай көп ата-ана қолдың

икемі мен ұсақ моториканың дамуы Деңгейінің төмендігін тек мектепке барарда ғана байқайды. Бұл балаға өте ауыр жүк. Жаңа хабарларды қабылдаумен қатар икемге келмейтін саусақтарымен жазып үйрену керек. Егер сіз бірінші сынып оқушысында жазуға қиындық болмасын десеңіз немесе 3 жастағы бала тілінің дамуында ақау болмасын десеңіз. Дамыту ойын-жаттығуларын бала туған соң екі айдан кейін бастаңыз. Омыраудағы баланың саусақтарын уқалауға болады. бір жарым жастағы баламен саусақ ойындарын бастатауға болады.

Тіл дамыту жұмыстары қол арқылы жүруі тиіс. Сонда ғана –неғұрлым үлкен жаттығу болады. Балаларға тапсырма қызықты болу керек. Баланың қол еңбегін арттыру үшін не істеу керек:

- қолымен ермексазды жұмсарту;
 - алақандарымызды жұмып ойын ойнау (таңертең тұрдық- ашылдық, кешке ұйықтадық-жабылдық)
 - екі қолдың саусақтарымен «Жүру» үстелмен алдымен ақырын, біресе ұрланып, содан кейін тез тез жүгіріп келуі.
- Жаттығу алдымен оң қолымен, сосын сол қолымен жасалады;
- ауада саусақпен сурет салу;
 - түймелерді тағып ағылту, бауды байлау, құлыпты ашып-жабу т.б;
 - қақпақтарды ашып-жабу, механикалық ойыншықтарды кілтпен жүргізу;
 - конструктор ойыны;
 - құммен сурет салу;
 - түрлі -түсті борлармен тұзды, шекерді, ұнтақты жарманы бояу;

Саусақтарын шынықтыру арқылы баланың тек қимылын ғана арттырмай, оның ойлау қабілеттілігін, қиял, ес процестерін де дамытуға болады. Оларды тақпақ, жаңылпаш, жұмбақтармен бірге жүргізген жағдайда баланың қызығушылығы, сөйлеу процестері дамиды.

Саусақ ойындарын ойнатарда алдымен балаларға үй жануарларға қалай көмектесетіндігі, олар қандай жерде тұратындығы туралы айтып беру керек. Содан кейін жануарларды қол арқылы көрсетуге болады.

Кез келген тапсырманы оның қызығушылығын тудыратын ойын түрінде ұсынған дұрыс. Жағымды эмоциялық жағдай, жұмыс жасау қабілетінің жақсаруына, психикалық тонустың жоғарлауына әсерін тигізеді.

Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған әрбір сабақты қолдың білезігі мен саусақтарына өзіндік массаж жасаудың бөлшектерінен бастау керек.

Массаж пассивті гимнастиканың түрі болып саналады. Оның ықпалымен тері

рецепторлары мен оның бұлшық еттерінде бас ми қыртысына жететін импульстер пайда болады.

Бір сабақта 5-6 жаттығу орындалу қажет. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту бойынша жаттығулардың барлық кешенін шартты түрде 2 құрылымға бөлуге болады,

1 . Саусақтарға гимнастика. Саусақтарға арналған ойындар –бұл саусақтың көмегі арқылы қандайда бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау. Жаттығулар әртүрлі деңгейде жүргізілуі мүмкін: еліктеу, сөздік нұсқау бойынша.

2, Әртүрлі заттарды пайдану арқылы қолдың білезіктері мен саусақтарына арналған жаттығулар ұсынылады:

- Пирамида, мозайка, матрешка құрастыру.
- Қағазға түйме, жіп, замок, әртүрлі ұзындықта жапсыру жұмысы.
- Тиындарды іріктеу.
- Жарманы жинау.
- Сіріңкемен жұмыс.
- Бау байлау.
- Жуан жіппен түйіншек жасау.
- Құммен, сумен ойнау.

Саусақтармен ойнау ата- аналарға балаларын қуантуға, сонымен қатар сөйлеуі мен ұсақ моторикасын дамытуға мүмкіндік береді. Осындай ойынның нәтижесінде балда әртүрлі сенсорлық әсерлер алады. Мұндай ойындар балалармен, ересектермен мейірімді өзара қарым-қатынасты қалыптастырады.

15.02.2022 ж. № Q00013

Отбасындағы және бөбекжайдағы бала тәрбиесі

УТАШЕВА КЕНЖЕГУЛЬ ИМАНБАЕВНА

*Атырау облысы, Индер ауданы, Көктоғай селосы
МКҚК "Гүлдәурен-7" бөбекжай-бақшасы.Тәрбиеші*

Отбасы - қоғамның маңызды буыны . Көп ұлт мекен еткен мемлекетіміздің негізі осы шағын ұжымдардан қаланады. Осы жағына келгенде кез-келген отбасы өзін қоғамның бір бөлігі деп түсінеді. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады,оның бірі дүниеге ұрпақ әкелу-екіншісі дүниеге келген сәбиді пәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп,оны тұлға ретінде қалыптастыру.Бала тәрбиесінде ата-ананың орны ерекше.Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ « Бақытыңды басқадан емес ,балаңнан ізде»-деген даналық сөз бар.Кез келген адам өзі жете алмайтын «бақыт» деген күдіретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін.Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе,екінші біреу даңқ пен атақтан,мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты-тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Олай болса адам өмірінің мәні-өз ұрпағы.....

Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз-ата-ана.Ата-ананың баламен жасайтын қарым-қатынасының үлкен тәрбиелік мәні бар. Мәдениетті отбасындағы ерлі - зайыпты кісілердің бір-біріне айтқан игі ниеті, кішіпейілдігі,отбасындағы туындаған мәселелерді ақылдаса отырып шешуі бала мінезіне жағымды әсер етеді. Бала тез еліктегіш,иланғыш болғандықтан жаман қылықтарды да тез үйренеді.Бала кішкентай кезінен әр нәрсеге әуестеніп,үлкендерге көмектескісі келеді.Бұған кейбір ата-ана «жұмысымды бүлдіресін» деп ұрысып жіберуі мүмкін,бұл қате түсінік. Керісінше өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып,оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындалуына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн..Әр істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз.

Баланың жақсы істерін мадақтап,терісін оң етіп түсіндіріп отырса ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырманы орындауға қарсылық білдірмейді.

Баланың айналасындағы бүкіл өмір шындығы-табиғат, қоғамдық орта,ен алдымен адамдар,бәрінен бұрын **ата-аналар мен тәрбиешілер тәрбиелейді. Тәрбиелеу дегеніміз-** балаға мақсат қойып,ұйымшылдықпен және жүйелі ықпал жасау деген сөз, осы ықпалдың арқасында бала тәрбиеші талап еткен мінезге ие болып,мінез-құлық ережелерін бойына сіңіреді.

Жоғарыда аталып өткен іс-әрекеттің әрқайсысы бала дамуына өзіндік, өзіне тән үлесін қосады. Мысалы, тәрбиенің ең маңызды міндеті саналатын ақыл-ой тәрбиесінің өзі бала ойынын: еңбегін және балалардың оқуын үнемі бағыттап отыру арқылы жүзеге асатыны бізге балаларды тәрбиелеу тәжірибесінен таныс. Адамгершілікке тәрбиелеу міндеттері жөнінде де осыны айтуға болады.

Бала өзін-өзі көрсете білсе, ойын, оқу, еңбек сияқты құнды дүниелерге тәрбиеленеді деген сөз. Өйткені, мұнда олардың өзара ересек адамдармен қарым-қатынасы қалыптасады. Іс-әрекеттің әрбір түрінде осылайша өзара ұштасып жататын педагогикалық мүмкіндіктерді ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тіршілік әрекеттерін, тәрбиелік мақсатқа сай ұйымдастыра аламыз. Ойын, еңбек, оқу арқылы біз балаларға белгілі бір тұрғыдан ықпал жасай аламыз. Бірақ біз ойын, еңбек, оқыту өзара ұштасқан жағдайда ғана баланың жеке басын дамытуда толық нәтижеге жете аламыз.

Бөбекжайдың негізгі міндеті – баланың жеке басының бастапқы қалыптасуын қамтамасыз ету. Бұл жас баланың ақыл-ойының дамуы мен даярлығы үшін қолайлы кезең. Осы кезеңде бала оқу мен тәрбиені қалыптастыруға, өз қызметін білуге, тілдік қатынастың қарапайым тәжірибесінде өзін-өзі таныта білуге, мінез-құлық мәдениетіне, жеке гигиеналық және салауатты өмір салтының негіздеріне бағдарланады.

Сонымен қатар балаға «сіз», «рақмет», «кешіріңіз», «өтінемін» деген сияқты сыпайылықты білдіретін сөздерді үлкендерге айтып жүруге үйрету, оған дағдыландыру ата-аналар мен тәрбиешілердің міндеті.

15.02.2022 ж. № Q00017

Активные формы преподавания на уроках в начальной школе

КОВАЛЬ СВЕТЛАНА ВАЛЕРЬЕВНА

Восточно-Казахстанская область. г. Усть-Каменогорск

КГУ «Средняя школа № 23» Учитель начальных классов

Мастер – класс «Активные формы преподавания на уроках в начальной школе в рамках внедрения идеи семи модулей и обновления содержания образования как условие формирования функциональной грамотности школьников».

В современном Казахстане идет становление новой системы образования, ориентированной на мировое образовательное пространство. Этот процесс сопровождается существенными изменениями в педагогической теории и практике.

Обновление структуры образования заключается в преодолении традиционного репродуктивного стиля обучения и переход к новой развивающей, конструктивной модели образования, обеспечивающей познавательную активность и самостоятельность мышления школьников.

При работе с образовательной программой немаловажным является привитие учащимся моральных ценностей и навыков.

Цель мастер-класса: научить применять активные методы обучения на разных этапах уроков в 1-ом классе по обновленному содержанию.

Пример АМ начала образовательного мероприятия

Начать мастер-класс, урок можно необычно, предложив ученикам поздороваться глазами.

Упражнение-прием «Поздоровайся глазами».

Цель – положительный настрой на работу, установление контакта между учениками.

АМ выяснение целей, ожиданий и опасений

-Для выяснения образовательных целей учеников, их ожиданий и опасений можно использовать следующий метод:

Метод «Фруктовый сад».

Учителю этот метод позволит лучше понять класс и каждого ученика, полученные материалы можно использовать при подготовке и проведении уроков (внеклассных мероприятий) для обеспечения личностно-ориентированного подхода.

Ученикам данный метод позволит более четко определиться со своими образовательными целями, озвучить свои ожидания и опасения, с тем, чтобы педагоги могли их знать и учитывать в образовательном процессе.

Оборудование: заранее готовятся два больших плаката с нарисованным на каждом из них деревом. Одно дерево подписано «Яблоня», второе – «Лимонное дерево». Обучающимся раздаются также заранее вырезанные из бумаги крупные яблоки и лимоны.

- Предлагаю на яблоках записать свои ожидания от мастер-класса, а опасения на лимонах.

- Зачитайте вслух свои ответы. (По желанию).

Постановка задач мастер-класса

Сегодня в конце мастер-класса Вы сможете:

- объяснить, что такое активные методы обучения;
- отличать виды активных методов обучения от других методов обучения;
- видеть возможности применения активных методов обучения на различных этапах своих уроков.

Так как вы сидите в группах и предполагается групповая работа, вспомним ***правила работы в группе.***

- Итак, определимся с понятием **«активные методы обучения»**.

- Для этого применим метод **«Инфо-угадай-ка»**.

АМ презентации учебного материала

Цели метода: представление нового материала, структурирование материала, оживление внимания обучающихся. Он применяется при работе в группах.

- Возьмите листы бумаги, на которых записано название этого метода. - Итак, тема **«Активные методы обучения»**. Листок разделён на сектора.

Сектор 1 – «понятие». Подумайте в группе и попробуйте назвать ключевые слова к этому понятию.

Активные методы обучения – это система методов, обеспечивающих активность и разнообразие мыслительной и практической деятельности учащихся в процессе освоения учебного материала.

Сектор 2 – этапы урока. Метод «Мозговой штурм» (активизация мыслительной деятельности уч-ся)

- На каких этапах урока можно применять АМО?

Активные методы обучения применяются на всех этапах урока.

- (Организация класса, проверка домашнего задания, постановка целей и задач урока, объяснение нового, закрепление изученного, обобщение знаний, организация самостоятельной работы, подведение итогов урока, релаксация, рефлексия)

Для каждого этапа урока используются свои активные методы, позволяющие эффективно решать конкретные задачи этапа урока.

Сектор 3 – виды АМО. («Поздоровайся глазами», «Фруктовый сад», «Мозговой штурм», «Инфо-угадайка») и тд

Сектор 4. Цели применения АМО.

- Развитие положительной мотивации обучения, интереса к предмету,

провести урок на высоком эстетическом и эмоциональном уровне; развитие коммуникативных навыков, учебно-информационных и учебно-организационных умений; обеспечение высокой степени дифференциации обучения; повысить объем выполняемой работы в 1,5-2 раза; усовершенствование контроля знаний; рационально организовать учебный процесс, повысить эффективность урока).

Активные методы обучения ставят ученика в новую позицию, когда он перестаёт быть пассивным и становится активным участником образовательного процесса.

Сейчас в первом классе по предмету «Обучение грамоте» изучаем сквозную тему «Путешествия». Покажу, какие активные методы можно использовать в данной теме и я использовала у себя на различных этапах урока.

Метод «До – После».

Описание: Он может быть использован на 1 этапе урока как прием, актуализирующий знания уч-ся, а также на этапе рефлексии.

Формирует:

- ❖ - умение прогнозировать события;
- ❖ - умение соотносить известные и неизвестные факты;
- ❖ - умение выражать свои мысли;
- ❖ - умение сравнивать и делать вывод.

В таблице из 2-ух столбцов заполняется часть «До», в которой учащиеся записывают свои предположения о теме урока. Часть «После» заполняется в конце урока, когда изучен новый материал, проведен эксперимент, прочитан текст и т.д. Далее ученики под руководством учителя сравнивают содержание «До» и «После» и делают выводы.

Вопрос	До	После
1. Для чего человек путешествует?	Для отдыха, для ознакомления с достопримечательностями, для удовольствия, для укрепления здоровья и т.д.	
2. Какой транспорт нужен для путешествия?	Воздушный, морской, наземный	В зависимости от расстояния и средств
3. Где можно путешествовать?	В любое безопасное место	Знать о месте путешествия
4. Что пригодится в путешествии?	Палатка, компас, карта маршрута, билеты, деньги, вещи, предметы личной гигиены, подарки, продукты, лекарства,	Знания, подготовка (как нельзя путешествовать) Соблюдение культуры общения, правил

	документы и т.д.	поведения на природе и т.д.
--	------------------	-----------------------------

-О чем сегодня будем говорить на уроке? (о путешествии).

- Кто знает, а как слово «путешествие» будет на казахском языке, а на английском? Произнесите еще раз. Молодцы! Спасибо!

Трехязычие: саяхат, путешествие, travelling. Прикрепляем к нашей «говорящей стене».

- А какая буква чаще всего встречается в слове «путешествие»? Сколько раз? (буква «е» - 3 раза).

- Сопровождать нас в путешествии будет буква «е». (Прикрепляю на доску образцы буквы - печатной и письменной). Мы эту букву начали изучать на предыдущих уроках. Вы уже достаточно много знаете о путешествии. Скажите, что человек обязательно должен взять с собой, отправляясь в путешествие, если покидает свой дом на несколько дней, а может и более. (Правильно, документы – в частности, паспорт).

Давайте нашей букве «е» тоже составим паспорт. А что должно быть в паспорте? (перечисляют структуру паспорта)

Метод «Создай паспорт» - это универсальный прием составления обобщенной характеристики изучаемого явления по определенному плану. Прием для систематизации, обобщения полученных знаний; для выделения существенных и несущественных признаков изучаемого явления; создания краткой характеристики изучаемого понятия, сравнения его с другими сходными понятиями (русский язык, математика, окружающий мир, литература).

Паспорт буквы для путешествия

Имя	Е, е
Адрес	Место на ленте букв (характеристика буквы – нижний ряд, где гласные-показатели мягкости согласных: «хитрая», обозначает 2 или 1 звук
Разрешение на посещение	Место, занимаемое в словах (в начале, середине, конце слова) ель, место, красивые
Родственники	Ё, ё
Характеристика	«Хитрая» - обозначает 2 или 1 звук
Цель путешествия	Смягчать согласные, начинать слово, писаться в середине слова и в конце

Молодцы! Давайте выполним фонетический разбор слова «путешествие».

У вас на столах лоточки с квадратами. Выложите слово. Учитель демонстрирует три варианта разбора слова.

У кого получился какой вариант? У кого 1-ый вариант?: А у кого такой? (2-ой вариант). У кого так? (3-ий вариант):

В чем ошибались? Объясните правильный разбор слова. Придумайте слова, где «е» обозначает 1 звук? А теперь, когда 2 звука?

АМ релаксации

Не стоит забывать о восстанавливающей силе релаксации на уроке. Ведь иногда нескольких минут достаточно, чтобы встряхнуться, весело и активно расслабиться, восстановить энергию. Активные методы релаксации позволят сделать это, не выходя из класса.

Упражнение "Четыре стихии".

Это земля, вода, воздух, огонь. Если я скажу "земля" - вы приседаете на корточки и дотрагиваетесь руками до пола. Если я скажу "вода" - вы вытягиваете руки вперед и совершаете плавательные движения. Если скажу "воздух" - вы поднимаетесь на носочки и поднимаете руки вверх. Если я скажу "огонь" - вы вращаете руками в локтевых и лучезапястных суставах. Выполняем. (2-3 раза)

Работа по теме урока. Чтение учителем отрывка из рассказа М.Зощенко «Великие путешественники».

Великие путешественники

Когда мне было шесть лет, я не знал, что Земля имеет форму шара.

Но Стёпка, хозяйский сын, у родителей которого мы жили на даче, объяснил мне, что такое Земля. Он сказал:

— Земля есть круг. И если пойти всё прямо, то можно обогнуть всю Землю и всё равно придёшь в то самое место, откуда вышел.

И когда я не поверил, Стёпка ударил меня по затылку и сказал:

— Скорей я пойду в кругосветное путешествие с твоей сестрёнкой Лёлей, чем я возьму тебя. Мне не доставляет интереса с дураками путешествовать.

Но мне хотелось путешествовать, и я подарил Стёпке перочинный ножик.

Стёпке понравился мой ножик, и он согласился взять меня в кругосветное путешествие.

На огороде Стёпка устроил общее собрание путешественников. И там он сказал мне и Лёле:

— Завтра, когда ваши родители уедут в город, а моя мамаша пойдёт на речку стирать бельё, мы сделаем, что задумали. Мы пойдём всё прямо и прямо, пересекая горы и пустыни. И будем идти напрямик до тех пор, пока не вернёмся сюда обратно.

Метод «Дискуссия». Метод «Разными глазами». Метод «5 вопросов герою» с использованием многоуровневых вопросов по «Ромашке Блума» + Метод «Прогноз» - «Предсказание» (применяется на различных этапах урока).

Формирует:

- контроль эффективности чтения;
- специальное исследование, заключение о предстоящем развитии и исходе чего-нибудь;
- развитие речи, обогащение словарного запаса;
- УМЕНИЕ ЗАДАВАТЬ ВОПРОСЫ: УТОЧНЯЮЩИЕ, ОБЪЯСНЯЮЩИЕ, ОЦЕНОЧНЫЕ, ТВОРЧЕСКИЕ, ПРАКТИЧЕСКИЕ.

Метод «5 вопросов герою».

- Оцените **поведение** главного героя рассказа – Степана – **Стёпки**.

Учитель «ведет» рассуждения детей по плану:

Ц (цель) – совершить кругосветное путешествие.

Д (действие) – устроил общее собрание путешественников, составил маршрут путешествия, объяснил форму Земли.

Х (характер) – Степка – волевой, решительный, самонадеянный, лидер.

Р (результат) – **прогнозирование** – путешествие не получится, т.к. одни без родителей; пойдут через горы и пустыни - нереально маленьким детям; «все прямо и прямо, напрямик» - по такому маршруту не путешествуют; недостаточно знаний о правилах путешествия; нет знаний, представлений вообще что такое «путешествие» и т.д. (приводят объяснения-доказательства). Недаром рассказ автор назвал «Великие путешественники» - он иронизирует, подсмеивается над горе-путешественниками.

М (мораль) – К путешествию нужно готовиться! К путешествию надо быть готовым! **Для путешествия нужны определенные знания и подготовка.**

Мораль отрывка вы определите сами, самостоятельно выполнив дифференцированные задания по письму.

Дифференцированные задания (позволяют усовершенствовать контроль знаний; рационально организовать учебный процесс; повысить эффективность урока и качество знаний):

1-ая группа: спишите предложение; подчеркните все гласные буквы.

К путешествию надо быть готовым.

2-ая группа: запишите предложение письменно с печатного текста:

К путешествию надо быть готовым.

3-я группа: составьте и запишите предложение (написание деформированного предложения): К, быть, готовым, путешествию, надо.

4-ая группа: используя ключевые слова **быть готовым**, составьте предложение-мораль к тексту.

- Проверяем. Какое предложение вы написали? (обращение к 1-ой и 2-ой группе). Какое выполнили задание? (обращение к 1-ой группе)

- Какое предложение вы собрали? (обращение к 3-ей группе)

- А какое предложение вы записали, используя ключевое слово? (обращение к 4-ой группе)

ВЫВОД: Что после урока можно добавить в ответ на 4-ый вопрос: Что пригодится в путешествии? – **знания**. Возвращаемся к табл. «До – После» - дополняем, заполняем (**см выше**).

Итог урока. Рефлексия. Метод «Жокей и лошадь»,

Метод интерактивного обучения. Форма коллективного обучения. Автор – А.Каменский. Класс делится на две группы: «жокеев» и «лошадей». Первые получают карточки с вопросами, вторые – с правильными ответами. Каждый «жокей» должен найти свою «лошадь». Применим даже на уроках изучения нового материала, систематизации, закрепления изученного; требует определенной сформированности культуры поведения.

- Итак, подведем итог нашим знаниям по грамоте в игре «Жокей и лошадь».

1	Какая бывает речь?	Устная и письменная.
2	Из чего состоит речь?	Из предложений.
3	Какие знаки ставят в конце предложения?	Точку, вопросительный знак, восклицательный знак.
4	Начало предложения пишется...	С заглавной буквы.
5	На какие группы можно разделить речевые звуки?	Гласные и согласные.
6	Когда произносят гласные звуки...	Звук свободно проходит, не встречая никаких преград.
7	Когда произносят согласные звуки...	Звук встречает преграду на своем пути.
8	Гласные звуки могут быть...	Ударными и безударными.
9	Согласные звуки могут быть...	Твердыми и мягкими, звонкими и глухими.
10	Парные согласные...	Б-п, д-т, з-с, ж-ш, к-г.
11	Имена людей и клички животных пишутся...	С заглавной буквы.
12	Жи-ши пиши ...	С буквой И.
13	Какие буквы могут смягчать предыдущий согласный	Е, Ё, И, Ъ.
14	Ь - показатель...	Мягкости согласного.
15	Буква Ъ звук...	Не обозначает.

Молодцы!

Рефлексия. Подведение итогов мастер-класса.

- А теперь возьмите карточки для метода «Инфо - угадайка» и допишите в графу «виды». С какими методами и упражнениями ещё сегодня познакомились. (*«До - После», «Создай паспорт», «5 вопросов герою», «Дискуссия», «Разными глазами» «Ромашка Блума», «Прогноз», «Жокей и всадник»*)

- Подводя итог нашего мастер-класса, вернёмся к «Фруктовому саду». Вспомните, какие ожидания и опасения были у вас в начале мастер-класса. Определите для себя, оправдались ли они.

- И в заключении хочу пожелать всем успехов в нашей работе и напомнить, что больше всего дети утомляются в бездействии.

Спасибо за внимание!

15.02.2022 ж. № Q00021

КОМПЬЮТЕРДЕ ПІШІНДЕР АРҚЫЛЫ БЕЙНЕ ҚҰРАСТЫРУ

АЗИХАНОВА ШАХНАЗА НИШАНБАЕВНА

Түркістан облысы, Сайрам айданы, Манкент ауылы

«Ибрагим Ата» атындағы жалпы орта мектебінің

информатика пәні мұғалімі

Вариативтік компонент: Қызықты компьютер

Мақсаты: Пішіндерді пайдалана отырып бейне құрастыру. Сурет салуға бейімдеу. Баланың логикалық ойлауын, қиялын дамыту. Тышқаншамен жұмыс жасау дағдысын одан әрі жетілдіру. Компьютерге жұмыс жасауды жалғастыру.

Билингвальды компонент: пішін-фигура

Әдіс-тәсілі: Көрсету, түсіндіру, сурет салу, сұрақ-жауап, «Intelektum» ойыны

Көрнекілігі: Компьютер құрылымдары, пішіндер, слайд

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Шаттық шеңбері Келіндер кәне сендерде Шақырам достық шеңберге Қызықты компьютер көңілді Бізге жақсы дем берді Қол созып күнге міне біз Жақсы тілек айта білеміз Жүректен-жүрекке жылы лебіздер. ➤ Қазір жылдың қай мезгілі? ➤ Қыс неше ай қонақта болады? ➤ Қыс айларын ата? ➤ Апта күндерін ата	Балалар шаттық шеңберіне тұрып, табиғат анамен, достарымен амандасады. Бір-біріне жылы лебіздер айтады. Балалар сұрақтарға жауап береді.

Іздену ұйымдастырушы	Өткен тақырыпты еске түсірейік: «Компьютер құрылғылары». Компьютер құрылғыларына не жатады? Мен жаңа тақырыпты бастамас бұрын сендерге Уатсис « Ойлан тап» ойынын ойнатқым келіп отыр. Төрт бөлікке бөлінген айна берілген карточканы орналастырамыз.Осы айна арқылы суретте қандай зат бейнеленгенін табамыз. Жарайсыңдар балалар олай болса бүгінгі жаңа тақырыбымыз «Компьютерде пішіндер арқылы бейне құрастыру» Біз компьютерде сурет салмас бұрын жұмыс алаңын сайлап аламыз.Жұмыс алаңының жоғары жағында түстер мен саймандар орналасқан.Бұл жерде бізге керекті суқұйғыш,пішіндер,түс политрасы бар.Ұшбұрыш арқылы біз шырша суретін саламыз. Балалар компьютерге отырамыз. Балалар компьютерге отырмастан бұрын қандай ережені сақтаймыз? Ғажайып сәт. Али мнен Айя келеді Балалар Али мен Айямен амандасады.. Али мен Айя компьютер ережесін сақтай отырып компьютерде сурет саламыз. Сергіту сәті Көз жаттығуы. Балалар ойын ойнағыңыз келе ме? Ойын « Rondo Vario» .Ойында төрт түрлі құрт пен төрт түрлі –түсті геометриялық фигураларбар	Балалардың түрлі жауаптары. Балалар жаңа тақырыпқа қызығушылықпен қарайды. Балалар жауап береді Педагогтің әрбір сөзіне мән береді. Жаңа тақырыпқа қызығушылықпен қарайды. Балалар жауап береді Компьютер ережесін. Балалар көз жаттығуын орындайды.
-----------------------------	--	---

	 бар. Фигуралардың ортасы тесік және құрттарға бөлшектерді тізу қажет.	
Рефлекті коррекциялау	Бүгінгі оқу қызметімізде не туралы өттік? Қандай пішіндерді білеміз? Шыршаны қандай түспен боядық? Үйді қандай пішіннен жасадық? Қорытындылау.	Балалардың түрлі жауаптары. Алған білімдерімен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Пішіндерді пайдалана отырып шырша, аққала, үй бейнесін бейнелеуді.

Болуы керек: Зейіні, сөздік қоры, байланыстыра сөйлеуі.

Баланың қолынан келуі: Сұрақтарға жауап беру; Тәрбиешінің нұсқаулығын орындау; Көз жаттығуын орындау; Берілген тапсырманы орындау.

15.02.2022 ж. № Q00023

Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау тиімді қолдану

ТУЛЕГЕНОВА ГАЗИЗА АДИБЕКОВНА

*Нұр-сұлтан қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы
№ 57 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу; білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындайды. Білім берудің маңызды шарты-оқу үрдісін жаңара отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабылеттерін дамыту, олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауда мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыру.

Қай заман болмасын адамзат алдында тұрған міндет- ұрпаққа саналы білім беру. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін заман ағымына орай оқу үрдісіне жаңа технологиялар қажетті. Жаңалықты меңгеру мен жүзеге асыруда дұрыс түсінбеу үлкен кедергіге әкеледі. Сондай қолданыстағы жаңа технологиялардың бірі-сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Жалпы сыни ойлау деген не?

Сыни ойлау сұрақ қою мен шешімін талап ететін проблемалардан тұрады. Мазмұнды сұрақ қою арқылы, мәселені шешуде өзі жолын іздеп тауып, шешімді, саналы дәлелдер айтады. -мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім беру қызметін өздері басқаруға;

-білім мәдениеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

-жеке ерекшелігі мен қыбылетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға;

-білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз атқаруы;

-құр мәлімет алумен шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып, сұхбат жүргізуге;

-ой-өрісі ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан өздерін- өздері дамытып, тәрбиелеуге.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында 100-ге жуық стратегиялар бар. Қазіргі кезде мен қолданып жүрген стратегиялар Венн диаграммасы, «Т» кестесі, эссе, ой қозғау, инсерт, шығу парағы, кубизм, дискуссиялық өрнек, кластер, ішіне сыртына, синквин, т.б.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу дамыту технологиясын сабақ үстінде қолдану барысында төмендегідей тиімділіктерге қол жеткізуге болады.

- 1.Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.
- 2.Сенімділікке тәрбиелеу.
- 3.Қиялын дамыту « менің ойымша» деген жауапқа алуға жағдай жасау.
4. Әр түрлі жауапты соңына дейін тыңдау.
5. Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау.
6. Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне, әр сабақта жағдай жасау.
- 7.Жеке тұлға ретінде « мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Сын тұрғысынан ойлау- Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болап табылатын ең басты педагогикалық түсінік. Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Тек қабілетті кеңінен өрістетуге ықпал етуші орта оқушы үшін мектеп қана болып табылады. Сондықтан оқушылардың сыни тұрғыда ойлау мақсатында «қалай? қашан? қандай?»деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жүргізу жақсы нәтиже береді. Яғни оқушыларға тапсырманы қалай берем? Қашан берем? қандай тапсырма берем деген сұрақтар басты назарда болу керек деп ойлаймын. Сыни ойлау сабағының құрылымы үш кезеңді қамтиды.

Қызығушылықты ояту

Жаңа ақпаратқа қызығушылығын ояту, танымдық процеске жұмылдырады, актуалдау. Бұл бөлім –білімнің іргетасы.

Екінші кезең -мағынаны тану оқу процесін мазмұнды түсінудің негізгі кезеңі. Осы кезеңде мұғалім шеберлігінің шыңы десек қателеспеспіз деймін. Себебі мұғалім тиімді стратегиялар арқылы оқушы қабылдауын дамытады. Салыстырмалы кестелер, екі жақты күнделік әдісі, инсерт әдістері қолданылады. Ой толғау кезеңінде оқушы пікірлері маңызды болады. Оқушының сыни ойлауын дамыту мүмкіндік бар. Жаңа білімге өзінде бар білім негізінде өтіледі.

Оқушы шығармашылығын арттыруда әр кезеңге орай әдіс-тәсілдер таңдау, қолдану бір жүйеде дамытуға жетелейді.

- **Сын тұрғысынан ойлау** -ашық қоғам негізі. Ол өз алдына сұрақтар қойып және оларға үнемі жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелерді қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Сыни ойлау-адам өмірінің бір саласы. Олай делінетіні-бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен өздері үшін маңызды, әрі пайдалы

екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата білуге көмектеседі.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы-білімнің дайын күйінде берілмеуі. Бұл жобаның мақсаты-демократиялық қоғамда өз көзқарасы, пайымдауы бар,өзін-өзі жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сыни көзбен қарап, жауап бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

СТО жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу-білім беру сапасын арттырудың, оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. «Сын тұрғысынан ойлау»- сынап қарау емес, оқушының шыңдалған ойлау әрекеті.Бұл технологияның негізінде оқушылар топпен жұмыс істеу арқылы өзара пікірлесіп, ұтымды жауаптарды тауып айтуға үйренеді, іздене отырып, өз ойын айтуға, дәлелдеуге мүмкіндік алады. Топпен бірігіп жұмыс жасау тұлға бойында шыдамдылық, мейірімділік, ұжымдық жауапкершілік, бірігіп бір мәселені шешу секілді жағымды қасиеттерді дамытады.

«Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» арнайы пәндерді оқытуда қолданып жүрмін. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақтарда қолдану» тақырыбын өзекті тақырып ретінде алдым. Осы технологиямен жұмыс жүргізу үшін белгілі міндеттер қойдым. Олар:

1. Технологияны оқып меңгеру;
2. Тәжірибеде қолдану;
3. Нәтижесін анықтау.

1-ші сатыда 2012-2013 оқу жылында технологиямен таныстым, баяндама әзірленді ;

2-ші сатыда 2013- 2014 оқу жылында сабақтарымда қолдандым, пәндік отырысқа әдістемелік әзірлеме дайындалды ;

3-ші сатыда 2014 -2015 оқу жылына әдебиеттік оқу пәнінен «Шешендік сөз», «Достық» тақырыбында ашық сабақтар жоспарлап өткіздім.

2015-2016 жылы Өзін-өзі тану пәнінен «Сөз іспен көрікті» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

Жалпы «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» 90 түрлі стратегиясы бар, солардың ішіндегі- Даралық пен ұқсастық, Венн диаграммасы, Бес жолды өлең, Галереяға саяхат, INSERT кестесі, ББҮ стратегияларын сабақтарымда қолданамын.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі мақсаттары:

- Тек қана оқуда емес, өмірде де оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту;
- Өздігінен дұрыс шешім қабылдай білетін тұлғаны дамыту;
- Ақпараттарен жұмыс істей білетін шығармашыл тұлға қалыптастыру;
- Құбылыстарды жан-жақты талдап саралай білетін сыншыл тұлға тәрбиелеу.

Сабақта белгілі қағидалар сақталынуы қажет.

15.02.2022 ж. № Q00024

Қояндар отбасы қысқа дайындалуда

ТАСТАЙБАЕВА ГАУХАР КАБЫЛОВНА

*Қостанай қаласы Қарасу ауданы Октябрь ауылы
"Салтанат" бөбекжайының тәрбиешісі*

Бөлімі: Математика негіздері

ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың бес саны мен бестің көлемінде санай алады, екі бөлек заттар топтамаларын жиын сандары бойынша салыстыру амалдарын біледі, "тең", "кем", "артық" сияқты ұғымдарды таныстырып, заттардың ұзындығына қатысты қасиетін пысықтау. Балаларды, заттардың саны кем болған топқа, бірін қосып, үстемелеу немесе артық топтан бір затты алып тастау сияқты, теңдікті орнату тәсілін біледі, заттардың ұзындығы бойынша тұрастырып, беттестіріп салыстыра алады. Қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

Балаларға "қоянның қорегі", "ең ұзын жолақ", "барлығына жеткен жоқ", "бір, екі, үш, төрт, бес, барлығы бес болады", "ең ұзын", "ұзындау", "ең қысқа", "саны қанша, сонша болады" сияқты сөздерді айтқызып, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, жұмбақты жасыру, сурет бойынша әңгімелесу, панно алдында және үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында дамытушы жаттығуы, бөлме ішінде дамытушы жаттығу, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау. 4К моделі, Саралап оқыту, Ойын, «Бала үні». Ақпараттық-коммуникативтік технологиясы.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ырғақты, темпі жылдам, әуенжазбасы. Орман ортасында, кез келген жерлерде, бұталардың түбінде жасырынған қояндардың суреті. Математикалық екі жолақты панно.

Көрнекілік қарточкалары: көжектер мен сәбіздері; әрқайсысы бесеуден.

Бірден беске дейінгі сандардың көрнекілік жинақтары.

Ырғақты, "Қоян" әуенжазбасы. Көрсеткіш. Көжектер мен сәбіздердің топтамаларын жиын сандары бойынша салыстыру барысының сызбалы суреттері. Үш түрлі қоянға ұзындығы үш түрлі жолақты сәйкес салудың сызбалы суреті.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әрбір балаға көлденең екі жолақты карточка; соңғы оң жақтағы шақпақтар жіңішке жолақпен қоршалған. Ыдыстарда саны бес көжек пен төрт сәбіздің кескіндері. Педагогтің үстелінде балалардың санына сәйкес сәбіздің кескіндері. Жеке ыдыстарда 1, 2, 3, 4, 5 сандары. Әрбір балаға дамытушы жаттығуға сурет сызбасы: қағаз бетінің сол жағында, бірінен бірі төмен тұрған үш қоянның суреті. Сурет-сызбаға қосымша – ұзындығы әртүрлі, түрлі-түсті үш жолақтардан жинақтар. Түрлі ыдыстарда сәбіздердің, орамжапырақтардың, алмалардың, алмұрттардың жиындары (қағаздардан кескіндер немесе ұсақ нақпіндер).

ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАРЫСЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Ырғақты, темпі жылдам, әуенжазбасы естіледі.

Көркем сөз. Жұмбақ жасыру.

(Саралап оқыту. Қарқын. 4К: коммуникация. Топ балаларының ішінде қабілетті білім деңгейі жоғары тәрбиеленушіге «Қоян» туралы үйден жұмбақты жаттап дайындап келу алдын ала тапсырылған болатын. Баланың ойлау, тез жаттап алу қабілеті, сөйлеу тілі дамиды.)

Ұзын аяқ, ұзын құлақ,

Күртешесі сұр, жұмсақ,

Қорқақ, қыли көздері,

Ұстай алмаймыз, қуаласақ.

– Балалар, бұл не екен? Иә, қоян.

1.2. Сурет бойынша әңгімелесу.

Орман ортасында, кез келген жерлерде, бұталардың түбінде жасырынған қояндардың суреті көрсетіледі.

– Балалар, біз бүгін қайда келдік? (Біз орманға келдік). Оны қалай білдіңдер? (Орманда қояндар жүр).

– Балалар, орманда барлық жабайы аңдар, қояндар да, тиіндер де, аюлар да қысқа дайындалып жатыр.

– Қояндар немен қоректенеді?

Балалардың жауаптарын тыңдау.(«Бала үні». Балалар әртүрлі дәлелді жауаптармен айта білді. Және өздерінің құрдастарын тыңдай білу, ойына пікір қоса білу дағдылары дамыды.)

Балалар, бақшаны адам өз үйінің жанында өсіреді, орманда емес, сондықтан көжектер мен қояндар сәбіздерді жеймін десе, адамның бақшасына кіріп кетуі керек.

– Біз өзіміз бақшадан сәбіздер мен түрлі қоректерді алып, ормандағы қояндарға берейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1 Панно алдында және үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы. "Қояндарға сәбіздерді үлестірейік."

2.1.1. Балалардың жұмыстарын реттеп отыруға, үлгі үшін екі жолақты панно және көжектер мен сәбіздердің сандары салынған көрнекілік карточкалары қажет болады.

Әрбір балаға көлденең, екі жолақты карточка беріледі. Карточканың әр жолағы тең алты шақпаққа бөлінген, соңғы оң жақтағы шақпақтар жіңішке жолақпен қоршалған. Ыдыстарға саны бес көжек пен төрт сәбіздің кескіндері салынады. Педагог бір сәбізді уақытша алып тастайды. Жеке ыдыстарда 1, 2, 3, 4, 5 сандары жатады.

– Балалар, екі жолақты карточкаларды өздеріңе қарай жақындатып, ыдыстарда не жатқанын қараңдар. Бұнда не бар? (Көжектер мен сәбіздер)

– Кәнекей, көжектердің барлығын жоғарғы жолаққа солдан оңға қарай тізіп салайық. Тапсырманы орындауға уақыт беріледі.

– Төрехан, саны неше көжекті салдың? (Мен саны бес көжекті салдым). Педагог өз панносында үлгіні көрсетіп тұрады.

– Жарайсың, Төрехан . Панно алдына шығып, шынында да көжектің саны бес пе, тексеріп көр.

Педагог баланың қолына көрсеткішті береді, әрбір көжекке тигізіп, нақтылы санауды, соңында жиынды айналдырып, қорытынды сөздердің айтылуын қадағалайды. "Бір, екі, үш, төрт, бес. Барлығы бес көжек".

– Соңғы шақпаққа бес санын салып қой. Жарайсың. Отыра ғой.

– Балалар, сендердікі де бес саны болды ма? Қараңдар.

– Балалар, енді сәбіздерді бөліп берейік.

Балаларға сәбіздерді кезекпен салып шығуға мүмкіндік беріледі.

– Балалар, барлық көжекке сәбіздер жетті ме? (Барлығына жеткен жоқ) Неге

екен? Тексерейік.

Балаларға орындарында қайта санап, тексеру амалы ұсынылады.

– Балалар, сәбіздердің саны неше болды? (Сәбіздердің саны төрт болды) Ал, көжектердің саны ше? (Көжектер саны бес)

– Балалар, сендерде не артық болып шықты? (Бір көжек артық). Ал, не кем болды? (Сәбіздер бірге кем болды) Жақсы.

– Кәнекей, Бақберген, панноға сәбіздерді салып, санап шық. Педагог көрнекілікке барлық саны бес сәбізді ұсынады. Панно алдына шыққан екінші бала сәбіздерді тізіп, қайта санайды.

– Бұнда сәбіздердің саны жетті ме? (Жетті) Сәбіздердің саны неше екен? (Саны бес сәбіз) Санмен белгіле.

– Сәбіздер мен көжектердің сандары қаншадан болды? (Сандары бес-бестен, 5 тең)

– Балалар, ал сендер ше ... Сендерде бар көжектер мен сәбіздердің санын қалай тең етеміз? Кім айтады? (Бір сәбіз керек) Жарайсың, Көзайым. Бір сәбізге үстемелейміз.

– Балалар, маған кезекпен келіп, бір-бір сәбізден алып, сәбіздер санын бір сәбізге үстемелендер.

Балалардың көжектер мен сәбіздерді тең ету амалдары мақталады.

2.2. Сергіту сәті. "Бір қоян! Екі қоян!" Педагогтің жетекшілігімен ойнатылады. Педагог балаларды ашық, кең жерге шақырады.

– Балалар, қазір біз қоянның қимылдарын көрсетіп жатқанда, "Екі қоян!" дегенде екеуден қатар тұрып, қозғаласындар. Егер, мен "Бір қоян!" десем, бір-бірден тұрасындар. Қайтадан "Екі қоян!" десем тағы да екуден тұрасындар. Бірақ қайта тұрған баланың жанына барып, жұп болуға болмайды. Басқа баланы тауып алу керек.

Ырғақты, "Қоян" әуенжазбасы қосылады.

2.3. Үстел басында дамытушы жаттығу. "Қояндарға бөкебайларды бөліп бер."

Балалардың әрқайсысына қағаз бетінің сол жағында, бірінен бірі төмен, үш қоянның отырған сурет-сызбасы үлестіріледі. Сурет-сызбаға қосымша ұзындығы үш түрлі, түрлі-түсті жолақтар жинағы ұсынылады.

– Балалар, қояндарға ұзындығы әртүрлі бөкебайлар керек. Қоян-әкеге, қоян-анаға, көжекке. Мына сурет-сызбаларға мұқият қарап, қоян-әкеге ең ұзын бөкебайды саласындар, көжекке – ең қысқа бөкебайды. Педагог балалардың өздігінен тапсырманы орындап жатқанын қадағалайды, жолақтарды қалай салыстырғанын тексереді. Балалардан жолақтарды тұстастыру немесе

беттестіру тәсілдерін көрсетуді сұрайды немесе ұсынады.

– Балалар, әке-қоянға ұзындығы қандай бөкебайды береміз? (Ең ұзын бөкебайды береміз) Жақсы. – Ана-қоянға ше? (Қысқалау бөкебайды береміз) Ал, көжекке ұзындығы қандай бөкебайды береміз? (Көжекке ең қысқа бөкебайды береміз) Жарайсыңдар, балалар.

2.4. Бөлме ішінде дамытушы жаттығу. "Саны қанша – сонша қорек жинаймыз."

Оқу қызметіне дейін педагог бөлмеде баланың қолы жететіндей, кез келген жерлерге сәбіздер, орамжапырақтар, алмалар, алмұрттардың жиындарын түрлі ыдыстарға салып қояды. Балалардың әрқайсысына 1, 2, 3, 4 немесе 5 сандарының бірін табақшадан алу ұсынылады.

– Балалар, мұқият тыңдаңдар. Әрбіреуіңнің қолыңда белгілі санның бірі бар.

– Бөлмеміздегі ойыншықтар мен заттардың арасынан қолдағы санға сай ойыншықтарды жинап, өз үстелдеріңе тізіп қоясыңдар. Тапсырманы келіп тексеремін. – Балалар, саны қанша, сонша ойыншық жинау керек.

Жаттығу аяқталғаннан кейін, балалар өз орындарына тұрып, тапсырманың орындалуын көрсетеді.

Педагог: "Саны қанша ойыншықты жинадың?" – деген сұрақты қойып жүреді.

Балалар: "Ойыншықтардың саны екіге (бірге, үшке, төртке, беске) сәйкес" немесе "Саны қандай болса, сонша ойыншықты жинадым" – деп жауап берулері мүмкін. Егер, кез келген бала жауапты дұрыс құрастыра алмай жатса, үлгіні қайталатып айтқызып, мақтап отыру керек. Балалар жарты шеңберге отырғаннан кейін ғана қорытынды шығарылады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.

– Балалар, бүгін біз қайда бардық? (Орманға бардық) Орманға не үшін бару керек болды? (Орманда қояндарға қоректерін үлестіріп бердік)

– Қояндарға қандай қоректер қажет? Қояндар жеміс пен көгөністерді орманда қайдан алады?

– Біз көжектердің барлығына сәбіз жетсін деп, не істедік? (Көжектер мен сәбіздерді тең еттік. Санын бірдей еттік) Тең ету үшін, не істедік? (Сәбіздер санын үстемеледік) Жарайсыңдар.

– Бөкебайларды қалай бөлдік? (Әкеге – ең ұзын бөкебай, анаға – қысқалау, көжекке – ең қысқа бөкебай). Тамаша. – Балалар, бүгін сендердің ұқыпты, қамқор болғандарыңды көріп қуанамын.

Қоянға қоректерді тең бөліп бергендерің үшін ризамын. Жарайсыңдар.

Оқу қызметіміз аяқталды,

МАЗМҰНЫ

- МУКАШЕВА ГАЛИНА ШАРАПОВНА
- АБИЛОВА ГАЛИЯ ЖОЛМЫРЗАЕВНА
- БИТУГАНОВА АЛТЫН КОЖАНТАЕВНА
- РЫСМУРАТОВА БЕЙБИТКУЛ ЕРГЕШБАЕВНА
- ОМАРОВА МАДИНА АПБАСОВНА
- МАНАНБАЕВА БАҒИЛА АБАЙҚЫЗЫ
- УРАЗАЕВА РИТА СЕЙЛХАНОВНА
- АЙЫМБАЕВА ГУЛЬЖАЗИРА МАРАТОВНА
- КЕНЕЛДИКОВА АЙЖАМАЛ СЕРГЕЙҚЫЗЫ
- УТАШЕВА КЕНЖЕГУЛЬ ИМАНБАЕВНА
- КОВАЛЬ СВЕТЛАНА ВАЛЕРЬЕВНА
- АЗИХАНОВА ШАХНАЗА НИЩАНБАЕВНА
- ТУЛЕГЕНОВА ГАЗИЗА АДІЛБЕКОВНА
- ТАСТАЙБАЕВА ГАУХАР КАБЫЛОВНА